



ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

Б.ҚАСЫМОВА

«ЖЕР-2025»: ТӘРТІП ПЕН ДАЙЫНДЫҚ – БАСТЫ НАЗАРДА



Қолжазба авторы: Г.ЖАНСАҒАН

КЕШЕ АУДАНДА “ЖЕР-2025” РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОМАНДАЛЫҚ-ШТАБТЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ ЖИЙНЫ ӨТТІ. АЛДЫМЕН МАҚАТ КЕНТІНДЕГІ САЛАМАТ МҰҚАШЕВ КӨШЕСІ, 80/2 ҮЙ АРТЫНДАҒЫ АЛАҢДА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНДЕ ЖЕДЕЛ ӘРЕКЕТ ЕТУ ДАҒДЫЛАРЫН ПЫСЫҚТАУ, САПТЫҚ ТӘРТІПТІ ҚАДАҒАЛАУ МАҚСАТЫНДА САПТЫҚ ТҮЗЕУ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. САПТЫҚ ТҮЗЕУ БАРЫСЫНДА АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫН-БАСАРЫ БЕКӘДІЛ ЖАЙКИН АЛДЫМЕН АУДАННЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН КЕНТ, АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІНІҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЖОЮҒА АРНАЛҒАН КҮШТЕР МЕН ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІН ЖӘНЕ ЖЕДЕЛ ӘРЕКЕТ ЕТУ ЖАСАҒЫНЫҢ ӨЗІРЛІГІН БАҚЫЛАДЫ.

ЖИЙІН ОДАН ӘРІ МҰСА БАЙМҰХАНОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІНДЕ ЖАЛҒАСЫП, ОНДА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНДЕ ТҮРҒЫНДАРДЫ ЭВАКУАЦИЯЛАУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫ ТЕКСЕРІЛДІ. АЙТА КЕТЕЙІК, АТАЛҒАН ОҚУ-ЖАТТЫҒУҒА 18 МЕКЕМЕ, 175 ҚЫЗМЕТКЕР, 23 ТЕХНИКА ЖҰМЫЛАДЫРЫЛДЫ.

Суреттер автордікі

АҢДАТПА



Сөреде жатқан
сырлы әлем

5



Аудандағы
«Veloжарыс»

6



Бүгінгі күннің
батырлары

8

БӘРЕКЕЛДІ!

ЖАС СПОРТШЫЛАР – ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Б.АСХАТҚЫЗЫ

Жақында Атырау қаласындағы «AironArena» спорт кешенінде 2010-2012 жылы туған жасөспірімдер арасындағы баскетболдан облыстың үздік ойыншыларын іріктеу ойыны өтті.

Аталған іріктеу ойынына Доссор кентіндегі Б.Қанатбаев орта мектебінің оқушылары Жанәль Хаиржан, Асылай Жалғасқали және Дария Сейтқали қатысып, облыс бойынша топ 10 үздік ойыншылар қатарына енді. Бүгінде жас спортшылар облыстық «Барсы Атырау» командасымен бірге дайындық жұмыстарын жүргізуде.

Осы ретте спортшылардың жаттықтырушысы Ербол Китенбаев шәкірттерінен зор үміт күтетінін жеткізді. «Ағымдағы жылдың 10-16 шілде аралығында мектебіміздің баскетбол спорттық ойыны бойынша оқушылар құрамасы аталған іріктеуге қатысып келген болатын. Шәкірттерім өте жоғары деңгейде дайындықты көрсетіп, об-

лыс бойынша үздік 10 ойыншының қатарына енді. Осы ретте айта кету керек, шәкіртім Дария Сейтқали баскетбол ойыны бойынша аудандағы алғашқы спорт шеберлігіне үміткер спортшы. Бүгінде шәкірттеріме облыстық «Барсы Атырау» командасынан ұсыныс түсуде. Бұл – мен үшін үлкен жетістік. Қазіргі таңда шәкірттерім республикалық жарыстарға дайындалуда. Биік шыңдарды бағындыратындарына сенемін», - дейді спортшылардың жаттықтырушысы.



* Баспасөз – 2025



«Мақат тынысына» 2025 жылға жазылу жалғаса береді

«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

Жеке тұлғаға

5 айға - 1365 теңге 21 тиын

Заңды тұлғаға

5 айға - 2799 теңге 33 тиын

Құрметті оқырман!

Өзіңізге қажетті мәліметті "Мақат тынысынан" ғана аласыз. "Мақат тынысы" Сіздің сенімді серігіңіз болуға дайын! Бір рет жазылып, жыл бойы рухани азық алып тұрыңыз!

Газет индексі: жеке тұлғалар үшін – 65574, заңды тұлғалар үшін – 15574



